

Отырықшы мәдениеттердің экологиялық санасы мен дүниетанымы

Педагогикалық тәжірибеден өтуші докторант: П.М. Сариева

Педагогикалық тәжірибе жетекшісі: А.К. Абишева

Дәрістің білім берушілік мақсаты – «отырықшылардың экологиялық мәдениеті» ұғымының ерекшеліктерімен таныстырып, оның отырықшылардың дәстүрлі мәдениеті құрылымындағы орнын анықтау.

Дәрістің дамытушылық мақсаты – магистранттардың танымдық саласын және аналитикалық ойлау жүйелерін дамыту.

Дәрістің тәрбиелік мақсаты – «отырықшылардың дәстүрлі мәдениеті» мен «отырықшылардың экологиялық мәдениеті» ұғымдарының мазмұнын ашу, мәдени талдау жасау дағдыларын дамыту.

3

Дәріс жоспары:

1. Кіріспе
2. Отырықшы мәдениет және оның ерекшеліктері
3. Отырықшы мәдениеттің шаруашылық түрлері
4. Отырықшы мәдениеттің экологиялық санасы мен дүниетанымы
5. Отырықшы мәдениеттегі адам мен табиғат, мәдениет пен табиғат арақатынасы

Кіріспе

- ▶ Қазіргі таңдағы әлем куә болып отырған экологиялық дағдарыстың орын алуына адамзаттың ұзақ уақыт бойы қоршаған табиғи ортаға рационалды емес қарым–қатынасы, қоғамның экологиялық мәдениетінің төмендігі себеп болып отыр.
- ▶ Ендігі кезде экологиялық апаттан қалай құтылу емес, оның техногендік және экологиялық–мәдени салдарын қалай жеңілдетуге болады деген сұрақ туындап отыр.
- ▶ Бүгінгі күні адамзат алдында тұрған ең басты міндеттердің қатарына экологиялық мәселелерді шешудің ең оңтайлы жолдарын табу болып отыр.
- ▶ Яғни, мәдениет ғасырлар бойы өзінің даму барысында түрлі мәселелердің туындауына алып келді және сол мәселелердің шешімін табу мақсатында біз қайта мәдениетке жүгінеміз.

Мәдениет

«Мәдениет» термині қазақ тіліне арабтың «маданият» — қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезіндегі қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні – мәдениетпен табиғатты «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық. Көне замандағы «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда, Цицеронның еңбектерінде (б. э. д. 45 ж) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдіреді. Уақыт өте келе еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

► Экологиялық мәдениет –

табиғи ортаға деген саналы қарым – қатынас, адамның қоршаған ортаны жақсартуға өзіндік үлесін қосуы, экологиялық білімділік. Экологиялық мәдениеттің негізін экологиялық қарым – қатынас құрайды. Экологияландыру қоғамды сақтаудың шешуші шарты болып табылады. Қалыптасқан жағдайда сол арқылы ғана қоғам мен табиғи ортаның тепе–теңдігін сақтауға мүмкіндік болады.

► Экологиялық мәдениет –

бұл адамның табиғатқа әсерінің әлеуметтік реттеушілерінің жиынтығы, экологиялық білім мен тәрбие берудің жүйесі.

Экология сознания



- ▶ **Адам мен табиғат** қарым–қатынасының тарихи дамуының бастапқы кезеңі архаикалық дәуір болды. Бұл кезеңде адам табиғаттың барлық заңдылықтарына бағынып, онымен ажырамас бірлікте болды. Осы уақытта қоғам табиғатты өзінің қажеттіліктеріне емес, керісінше қоғам табиғатқа бейімделді. Бұл кезеңнің экологиялық санасының ерекшеліктері мифтер жүйесінің анализі арқылы көрініс таба алады.
- ▶ Мифтік санада алғашқы қауымдық адам мен топтың, адам мен табиғаттың бірлігі көрініс табады. Алғашқы қауым адамы өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырады.




Уақыт өте келе адамзат қоғамының даму барысында адам табиғатқа физикалық тәуелсіз бола бастады, нәтижесінде адам табиғаттан алыстай бастайды. Табиғат адамға қарсы қойылған, оған тәуелсіз ретінде қабылдана бастайды. Табиғаттан алыстау жолы бірнеше кезеңнен өтті.

Бірінші кезеңде табиғатқа деген қарым–қатынас ақырындап өзгере бастайды. Бұл жануарлық тұрмыстың, өмірдің аяқталуы мен рухты табиғаттан ажыратудың бастамасын білдірді. Осы кезде адам табиғат құбылыстарын түсінуге тырысады. Бұл әлемдегі болып жатқан барлық нәрсені басқаратын басқа әлемдік рухтар бар деген көзқарастың қалыптасуына әкеледі. Қоғам дамуының бұл кезеңінде табиғатқа қарым–қатынас магиялық дәстүрлердің толық жүйесі ретінде адам санасында көрініс табады.

Ендігі кезекте табиғатпен өзара қарым–қатынас қана емес, арнайы ритуалдар арқылы адамға көмектесетін, сонымен қоса зиян келтіретін рухтар әлемімен қарым – қатынас орнату басты бола бастады. Ежелгі әлем мәдениетінде табиғат күштеріне бас июмен қатар адамның бөлектенуі және өзін жоғарылатуы туралы идея туындайды.

Табиғаттан алыстау
үдерісіне
отырықшылық өмірге
көшу өте үлкен рөл
ойнады. Отырықшылыққа
көшуге, әлеуметтік
байланыстардың
қиындауына байланысты
адамның табиғатқа деген
қарым–қатынасы өзгере
бастайды, бұл әлеуметтік
– мәдени құндылықтар
жүйесімен бекітіледі.



Отырықшы мәдениет ерекшеліктері

Отырықшылық (отырықшы мәдениет) – халықтың бір жерде тұрақты қоныстанып, тұруы, өмір сүруі. Отырықшы мәдениеттер отырықшы өмір салтын жүргізеді, яғни ұрпақтан-ұрпаққа бір жерде тұрақты мекендейді. Олар жергілікті ресурстармен қоректенеді, яғни негізгі кәсіптері - аңшылық, балық аулау, егіншілік. Әдетте, олар теңіздер мен өзендердің жағаларында, ормандарда немесе құнарлы жерлерде орналасады.




Отырықшы
мәдениеттің
шаруашылық
түрлері


аңшылық

балық аулау

егіншілік







26. Кружка с геометрическими узорами и росчерком.
XI—XII вв. Фергана

Отырықшы мәдениеттің экологиялық санасы мен дүниетанымы

- ▶ Тарихқа жүгініп, XI ғасырға дейінгі еуропаның тұрмысына тоқталатын болсақ, ол кезде Еуропада көшелердің арасы тар, үйлері бір–біріне жақын, тығыз орналасқан болды, тіпті арасынан адамның өтуінің өзі қиынға соққан. Үйлердің көбісінің төбесінен су ағып, дымқыл тартып тұрған. Қалдықтар, жуындылар көшеге төгілетін болған. Ондай жерде әр түрлі аурулар пайда болды. Яғни, экологиялық тазалық жоғары деңгейде болды деп айтуға келмейді. XX крест жорығы кезінде тұрмыстық экологиялық мәдениетке байланысты Азия елдерінен көп нәрсе үйренген. Моншаны пайдалануды еуропалықтар сол жорық барысында арабтардан көріп, пайдаланған.
- ▶ Енді көшпенділердің тұрмысына келетін болсақ, олар үнемі тұрағын ауыстырып тұрған, бір жерде ұзақ тұрып, табиғатқа зиян келтірмеген. Тағы да айта кету керек, тіпті жерді пайдалануды төрт мезгілге бөлген, яғни табиғаттың өзін–өзі қалпына келтіруге мүмкіндік берген. Киіз үй ары–бері көшкенге өте тиімді болды, әрі ол тазалық сақтаудың таптырмас құралы болды.







Адам мен табиғат, мәдениет пен табиғат

Бүгінгі күні адам мен табиғат арасындағы қарым–қатынас және экологиялық дағдарыстың орын алуының себептерін еуропалық өркениеттің даму ерекшеліктерінен табуға болады. Ол ерекшеліктер келесі пайымдауларда көрініс табады:

- Табиғат адам үшін жаратылған, адам оның иесі болып табылады.
- Табиғат ішкі моральдық құндылықтардан жұрдай, тек адам ғана оған мән, маңыз бере алады.
- Табиғат адаммен жетілдірілу керек және жаңартылған күйінде адамның жердегі табысының, жеңісінің куәсі болу керек. (Афиногенов Д.В. Свобода, наука, природа //Общественные науки и современность.2001.№4,158.)

ТЕХНИКА



ТЕХНОЛОГИЯ



ТЕХНИЧЕСКИЙ ПРОГРЕСС




- ▶ Адамның табиғаттан алыстауының келесі кезеңі антика дәуірімен байланысты. Бұл дәуірге қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстарды түсінуге тырысу, адамның әлемдегі алатын орнын анықтау тән болды. Табиғаттың заңдылықтарын сақтай отырып, игілікке жету мүмкіндігі туралы алғаш рет көзқарас қалыптасты. Табиғаттың заңдылықтары бойынша жүру үшін оны зерттеу қажет болды.
- ▶ Сөйтіп, антика заманында адам мен табиғаттың қарама–қарсылығын күшейтетін фактор–табиғатты ғылым тұрғысынан түсіну болды, ендігі жерде табиғат зерттеудің объектісі болды.




Адамның табиғаттан алыстауының, оның табиғи ортадан «бөлінуінің» үшінші кезеңі монотеистік діндердің пайда болуымен байланысты. Дін адамды жоғарыға, әлемнің шыңына қоя отырып, табиғи объектілерді қабылдауын өзгертті. Табиғат және табиғи орта өзінің құндылықтарынан айырылады, егер ол адамға пайдалы болса ғана құндылығы болды.

Табиғатты адамға тәуелсіз, оған қарама – қарсы ретінде қабылдау Жаңа заман дәуірінде болады. Адам табиғаттың билеушісі ретінде қарастырылады. Қоршаған орта адамға, оны бағындырып, техникалық әсер етудің объектісіне, сарқылмайтын ресурстар көзіне айналдыру қажет болған, қарама–қарсы фактор ретінде болды. Жаңа заманда табиғат адамның тілегін орындаушы ретінде қарастырылады және оны бағындырудағы жетістіктер табиғаттың күштерін жеңу деп түсінілді. Адамның табиғатқа шексіз билігін философия классиктерінің еңбектерінен Ф. Бэконнан бастап Л. Фейербахқа дейін табуға болады.



Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысы

- ▶ Жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанды ерте заманда мекендеген көне түркі тайпалары ғасырлар бойы көшпелі мал ш-мен айналысты. Дегенмен өзен-көл жағалаулары мен құнарлы аймақтарда егіншілік те қатар дамыды. Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес тайпалар 6 ғ-да Ертіс өңірінде, Сыр бойында және Жетісуда егіншілікпен айналысып, отырықшылық өмірге дағдылана бастады.
- ▶ 6 – 7 ғ-ларда Түрік қағандығы тұсында Шу, Талас, Сырдария аңғарларында мал ш-мен қатар егіншіліктің де дамуы О-ты жеделдетті. Далалық солт. аудандарда бұл процесс баяу жүрді.
- ▶ 6 – 7 ғ-ларда қазақ жері арқылы Орта Азияны Қытаймен байланыстырған “Ұлы Жібек жолы” өтті. Бұл жол бойында отырықшыл Суяб, Құлан, Тараз, Меркі қ-лары болды. Тұрғындары саудамен де, егіншілікпен де айналысты.
- ▶ 8 – 10 ғ-ларда қарлұқ тайпалары Қазақстанның Балқаш пен Ыстықкөл аралығын, Іле, Шу, Талас аңғарларын, Тянь-Шань баурайларын қоныстанып, отырықшылық өмір салтын ұстанды.
- ▶ Осы мемлекеттің солт.-батыс жағында Сырдарияның орта және төм. ағысында және осыған жапсарлас Батыс Қазақстан даласында 9 – 10 ғ-ларда өмір сүрген оғыз тайпаларының мемлекетінде отырықшылықпен айналысқан Суяб, Тараз, Жент, Жаңакент қ-лары болды.



Жетісудың оңт.-батысындағы **Құлан**, **Ақтөбе**, **Меркі**, **Жуантөбе** қалалары **Қырғыз** жотасындағы өзендер бойына салынып, өркендеді, отырықшылықтың басты белгілері саналған қолөнер мен сауда орт-тары стратег. маңызға ие болды.

- 10 – 12 ғ-ларда Қазақстанда қалалар мен қалалық қоныстар шапшаң өсіп, Іле алқабында 56 қаланың іргесі қаланды, Шу мен Талас алқаптарында, Сырдария бойында отырықшылыққа көшкен ондаған қала қоныстары орнады.
- Қала мәдениеті
Орт.Қазақстанда **Ұлытау** бөктерінде **Сарысу**, **Нұра**, **Қара кенгір** өзендері алқаптарында да дамыды. Осы кезеңде **Отырар** өңірі отырықшы өркениеттің ірі орт. болды. Отырар алқабындағы ирригац. көп тармақты жүйе суландырудың құрамдас бөлігін түгелдей қамтыды. **Исфиджаб**, Отырар, **Тараз** қ-лары басты сауда орт-тары болды. Отырықшы-егіншілік мәдениет пен қалалардың көбейіп өсуі этн. шоғырлану процесін күшейтті. **Қазақ хандығы** тұсында мемлекет экономикасының мешеулігі салдарынан оңт-тегі қалалар құлдырап, О. саябырлады. Хандықтың саяси-әкімш. және сауда-экон. орт. **Сығанақ**, ал астанасы **Түркістан** қ-лары болды.
- 17 – 18 ғ-ларда қазақ даласында отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрі дамып, егіншілікпен оңт-те ғана айналысты, елдің басым бөлігінде мал ш. негізгі күнкөріс көзі болды.





Қазақтардың кәсібі

Малшаруа-
шылығы

Егіншілік

Аңшылық

Балық аулау


Қазақстан аумағында дәстүрлі шаруашылық қызметін картада жіктеп, бөліп қарастырып көрейік.

Жартылай көшпелі

Көшпелі. Жайылымдық жерлер

Отырықшылық

Сырдария, Іле, Шу, Нұра, Орал, Ертіс өзендерінің бойында және Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдерінің бойында егіншілік дамыды.



**Көшпелі
малшаруашылығының
қалыптасу себептері:**

Қазақстан
аумағының
климаты құрғақ
болып, жауын-
шашын мөлшері
азайды.

Мал басының
көбеюі жаңа
жайылымдық
жерлерді қажет
етті.

Ат әбзелдерін
жетілдіру жылқыны
көлік ретінде
пайдалануға
мүмкіндік берді.
Жаңа жерлерді
игеру ыңғайлы
болды.





Жатақтар – көшпелі шаруашылықты жүргізу мүмкіндігі болмағандықтан отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысқан, яғни малы жоқ адамдар.



10/30/2023

Сонымен, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арасында тығыз байланыс болған. Бұл байланыс бірде жаугершілік, бірде арагүдік қақтығыстар, алым-салық түрінде болса, ал көпшілік жағдайда бейбіт қарым-қатынас, сауда, айырбас түрінде іске асты. Көшпелі мәдениет пен отырықшы өркениеттердің жиі, тығыз араласуына Ұлы Жібек сауда жолындағы қалалар үлкен өсер етті. Көшпелі және отырықшы шаруашылық-мәдени тұрпаттың өзара әсері, әсіресе олардың шекаралық аймақтарында күшті жүрді. Көшпелілер мен отырықшылар шаруашылық-экономикалық, мәдени байланыстары арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

Көшпелі мәдениеттегі адам мен табиғат, мәдениет пен табиғат

Табиғатты қастерлеу, қорғау қазақ халқының мәдени дәстүрі болып табылады. Көшпелі өмір сүрген қазақ елі табиғат сырын терең ұғынған, табиғатты игерудегі білімі жан – жақты болған.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті табиғат пен адамның етене тығыз байланысты болғандығын және олардың бір – бірінен ажырамас күйде өмір сүргендігін куәлайды. Мұның негізінде көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, өзін табиғатың перзенті ретінде сезінуі жатыр. Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті тек көшпелі ғана меңгере алды. Қазақтар көк шөпті жұлмаған, шыбықты сындырмаған. Өйткені жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі болып саналған. Көк жұлсаң көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады. Қазақ баласы бастауды, бұлақты ластамайды. Барлық тіршіліктің көзі сол бұлақ, сол бастау деп біледі. Қазақ халқы беталды жер шұқып, жер қазбайды. Бұндайды теріс қылық деп санайды, оны өліммен, ажалмен байланыстырып, жаман ырымға балайды.

Көшпелі қазақ қоғамында табиғат тек сыйыну, демалу, сенудің объектісі болып қана қоймай, сонымен қоса ол өз қоғамында әлеуметтік мәдени реттеуші қызметін атқарады. Көшпелілер табиғатты тірі, әрі ақылды деп санаған.

Қазақтардың ілкі тектерінің сеніп келген діні – тәңіршілдік табиғатты құрмет тұтудан, оған сыйынудан туындаған. Бұл діндегі басты құдай – Көк тәңірі, көк дегеніміз тіршілікті, өмірдің бастауын білдіреді. Қазақ елі үшін қоршаған орта деген ұғым өте маңызды, мағыналы. Ол өскен орта қасиетті де, қастерлі.

Көшпелі мәдениет әлемде өз орнын таба білген. Адам шексіз кеңістікте өзімен - өзі және табиғатпен жеке қалып, сұхбаттасқан, сырласқан. Өзінің табиғатпен шынайы жақындығын сезінген.

Көшпелілік шаруашылық тылсым табиғат жөніндегі даналықты талап етті, табиғат құбылыстарына болжам жасау, оларға алдын – ала бейімделу көшпелілерде жақсы дамыған. Көшпелілердің өзін қоршаған ортаны жақсартуға күш салғанын, жақсартудың жолын ойластырғанын тарихи дәстүрлерінен көруге болады. Осыған қатысты олардың жайылым мен өрісті жылдың төрт мезгіліне бөліп пайдалануы, яғни ауыстырып отыруы, жерді үздіксіз пайдалану оның құнарлылығын жоятындығын білуі.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті экология ұғымының тікелей мазмұнына сәйкес келеді және ол табиғатты бағындыру принципіне негізделмейді. Оның басты ұғымдарына атамекен, жерұйық, жарық дүние жатады. Қазақы дүниетаным әлеммен үйлесімді болуға шақырады





Халықта «атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дейді қазақ. Біреуге риза болғанда «көсеген көгерсін» деп айтатын болған. «Жерге шыққан жемістен жетіссең де жеті аса» деген мақал көшпелілердің көкті қастерлегенін білдіреді. Қазақ жалғыз өсіп тұрған ағашты кеспейді, оған зақым келтірмейді.

Ұлан - байтақ жерде мал бағып, ұзақ күндерді кең табиғат құшағында, мал өрісінде, түндерді жұлдызды аспан астында өткізген қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көп жылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілім жасаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын –күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңаруының алмасып отыруына мұқият бақылау жасап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған еді. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу керек екенін, күзеу және қыстауға қай уақытта келу, қой мен қозыны қай уақытта қырқу қажет екенін, қай мезгілде мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін біліп, оларды өз уақытында жүзеге асырған.

Қазақтар шетсіз, шексіз кең далада мал бағу, көшіп қону, жолаушы жүру, түн қату және аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт –бағдарды белгілеп отырған және өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп отырған.

Қазақ арасында тәжірибе метеорологиясымен және уақыт есебімен шұғылданатын арнаулы есепшілер болған екен. Әр айдағы ауа – райының шұғыл өзгерістерін, кезеңдерін, амалдарын есептеп, жұртқа алдын ала хабарлап отырған.



- Сонымен бірге қазақтар аққу, қарлығаш сияқты құстарды қасиетті санап, оларға тиісуге, атуға тыйым салған. Бұдан ата – бабаларымыздың табиғатты құрметтеп, қастерлегенін, аялағанын байқауға болады.
- Табиғатқа байланысты «бір тал кессең, он тал ек», «су ішетін құдығына түкірме», «бұлақ көрсең көзін аш», «көкті жұлма» және т.б. көптеген мақалдар көп. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде суды қорғау парыз деп есептелген. Су – бүкіл тіршіліктің көзі. Ол болмаса астық шығымдылығы, өсімдік әлемі де болмайды. Адамдар су көздерін ғана тірі организмге балап қоймай, сонымен қатар оған әр түрлі жан иелерінің, су перілерінің, су иесі Сүлейменнің өмір сүретіндігіне сенген.



Тірі атаулының барлығына жан ашу, аяушылық және махаббат идеясы өте ежелгі идея болғанымен, қазіргі заманға өте қажет идея десек болады. Гуманизмнің қайнар көзі де осында, кез –келген тіршілік иесінің өмірдің әрбір көрінісіне деген сүйіспеншілік, әрбір тіршілік иесінің азабын түсіне білу, оған жанашырлық таныту –адам мәнінің, адам жанының негізгі қыры. Сол арқылы адамның табиғатқа деген, қоғамға деген қарым–қатынасы қалыптасады.



Қазіргі кезде адамзат экологиялық мәселеге аса мән беріп, ойлаудың және мінез – құлықтың стереотиптерін өзгертуге тырыса отырып, табиғатпен қарым – қатынас жасаудың басқа формасын, жолын табу қажет екендігін түсіне бастады. Қалыптасқан экологиялық жағдай адамзаттың табиғатпен өзара қарым – қатынасының дәстүрлі формаларын қайта қарауды талап етеді. Біз қоршаған ортаны қорғау туралы айтқанда, бірінші кезекте адамды қорғау туралы, оның болашағы туралы айтамыз. Экологиялық мәселелер – барлық адамзатқа ортақ мәселе.





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МӘДЕНИЕТІМІЗДІ
БІРГЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ!

2 - тапсырма . Отырықшы және көшпелі өркениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын венн диаграммасында талдаңыздар.

Отырықшы өркениет	Ортақ белгілері	Көшпелі өркениет
1	3	1
2	4	2
3		3

Обратите внимание:

«Государство как таковое возникает в результате столкновения кочевников и оседлых людей».

И. Кант

Согласны ли вы с мнением немецкого философа? Аргументируйте свой ответ.

Ойтолғаныс

*«Көшпелілер өркениетінің
қазақ елінің дамуында қандай
әсері болды?»*

Жағымды

Жағымсыз

Мысал келтіру